



ХҒТАР 04.11.21

Ғылыми мақала

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6895-2024-148-3-374-385>

Маскулиндік зерттеулердің қазіргі заманғы үрдістері

Э.С. Надирова 

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

(E-mail: elviranadirova@gmail.com)

Аңдатпа. Маскулиндік әлеуметтік және мәдени бірегейліктің аспектісі ретінде әлеуметтану, психология, антропология, және гендерлік зерттеулер сияқты әр түрлі салаларда қарқынды зерттеулердің тақырыбына айналды. Соңғы онжылдықтарда ғылыми қоғамдастық маскулиндік формаларының алуан түрлілігіне, сондай-ақ олардың жеке адамдар мен жалпы қоғам өміріне әсеріне назар аударды.

Бұл мақалада ерлер тұлғасының әлеуметтік және мәдени аспектілерінің кең ауқымын қамтитын маңызды әлеуметтік-мәдени тұжырымдама мен құбылыс ретінде маскулиндікке шолу жасалады. Ол ежелгі қоғамнан қазіргі заманғы тенденцияларға дейінгі маскулиндік зерттеулердің тарихын қарастырады және зерттеушілер бұл саланы зерттеуде қолданатын әртүрлі әдістер мен тәсілдердің маңыздылығын көрсетеді. Мақалада сонымен қатар маскулиндіктің әлеуметтік-мәдени аспектілері, соның ішінде рөлдер, күтулер, стереотиптер және олардың ер адамдар мен жалпы қоғамға әсері талқыланады. Жалпы айтқанда, мақала маскулиндікке қатысты негізгі мәселелерге шолу жасайды және маскулиндік туралы стереотиптер мен нормаларға қарамастан, әрбір ер адам өз орнын таба алатын неғұрлым инклюзивті және толерантты қоғам құру үшін осы саладағы зерттеулердің маңыздылығын көрсетеді. Негізінен маскулиндік зерттеулер - бұл ерлердің жеке басын, рөлдері мен ерекшеліктерін және олардың тарихтағы эволюциясын зерттеумен айналысатын сала. Бұл сала ежелгі қоғамдардан бастау алады және қазіргі әлемдегі ер адамдардың мінезі туралы идеяларымызға әсер ету үшін дамыды.

Түйін сөздер: маскулиндік, гендер, ер адам мінез-құлқы, гегемондық маскулиндік, маскулиндік зерттеулер, маскулиндіктің тарихы, маскулиндік сәйкестік

Кіріспе

Ер адамдардың тұлғасына деген қызығушылықты Ежелгі Египет, Грекия және Рим сияқты ежелгі қоғамдардан бастауға болады. Бұл мәдениеттер ерлер үшін белгілі бір нормаларға ие болды, ал батылдық пен күш көбінесе маскулиндіктің негізгі атрибуттары болып саналды. Дегенмен, сол кездің өзінде ер адамды «нағыз» ер ететін нәрсе туралы әртүрлі идеялар болған.

Ортағасырлық және Ренессанс кезеңдері маскулиндікті зерттеуге де әсер етті. Осы уақыттарда ерлердің рөлдері мен қасиеттері туралы жаңа идеялар дами бастады. Мысалы, рыцарьлық дәуірлерде батылдық пен намыс бұрынғыдан да жоғары бағаланып, рыцарьлар ер мінезі идеалының символына айналды.

Еуропадағы ағарту дәуірі мен өнеркәсіп төңкерісі кезінде ер адам тұлғасына жаңа көзқарастар пайда болды. Өнеркәсіптің өсуі және қоғамдық құрылымның өзгеруі ерлер рөлдерінің өзгеруіне әкелді. Олар жұмыс пен өндіріс әлеміне көбірек араласты, бұл маскулиндік туралы идеяларға әсер етті.

20 ғасырда маскулиндік зерттеулер жан-жақты және инклюзивті болды. Ер адамдардың ерекшеліктерінің әртүрлілігін дәріптейтін және әмбебап стандарттарды жоққа шығаратын теориялар пайда болды. Феминистік қозғалыстар да маскулиндіктің дәстүрлі идеяларының зиянды аспектілерін көрсете отырып, маскулиндік зерттеулерге айтарлықтай ықпал етті.

Қазіргі әлемде маскулиндік зерттеулер даму үстінде. Олар мәдени, әлеуметтік және этникалық айырмашылықтарды, сондай-ақ маскулиндік, жыныстық бағдар және гендерлік сәйкестік сияқты сәйкестендірудің басқа аспектілері арасындағы қарым-қатынастарды ескереді.

Маскулиндік зерттеулер ер адамдардың психологиясы, әлеуметтік кұтулер, маскулиндіктің денсаулық пен мінез-құлыққа әсері және т.б. сияқты аспектілерді қамтиды.

Мұнда ұсынылған зерттеу аясында шолудың мақсатын анықтауды, ғылыми мәліметтер базасы бойынша әдебиеттерді іздеуді, деректерді алуды, деректерді талдауды және тұжырымдарды қамтитын әдебиеттерге шолу жасалды.

Бұл жұмыстың мақсаты-қазіргі қоғамдағы маскулиндік ұғымдардың әртүрлілігі мен динамикасын зерттеу, әлеуметтік, мәдени және тарихи факторлардың ер адамдардың сәйкестігі мен рөлдерін түсінуге қалай әсер ететінін талдау.

Зерттеу объектісі тарих аясында маскулиндікті түсіну және түсінудің өзгеруі болып табылады.

Зерттеу жұмысының тақырыбы – ер адамдардың рөлдері мен мінез-құлқына байланысты әлеуметтік нормалар мен кұтулер болып табылады.

Бастапқы зерттеу сұрағы: Маскулиндік концепциялар тарихи түрде қалай дамып, өзгерді және қандай негізгі әлеуметтік, экономикалық және саяси оқиғалар маскулиндік сәйкестікпен байланысты идеялар мен тәжірибелердің эволюциясына көбірек әсер етті?

Зерттеу әдістері: Негізгі зерттеу әдісі әртүрлі көздерден алынған ақпаратты талдау және синтездеу. Ол келесі зерттеу әдістері мен тәсілдерін қамтиды:

Әдебиеттерге жүйелі шолу: тақырып бойынша жарияланған ғылыми жұмыстарды зерттеу және сыни талдау. Ғылыми мақалалардан, кітаптардан, конференциялардан және басқа көздерден ақпаратты іздеуді, іріктеуді және синтездеуді қамтиды, ғылыми әдебиеттерде ұсынылған «маскулиндік» ұғымының мазмұнын анықтау тәсілдеріне теориялық талдау жасалды. Messerschmidt J. W. ("The Saliency of Hegemonic Masculinity", 2019), Reeser T.W. ("Concepts of masculinity and masculinity studies. In Configuring Masculinity in Theory and Literary Practice", 2015), Connor S., Edvardsson K., Fisher C. & Spelten E. ("Perceptions and Interpretation of Contemporary Masculinities in Western Culture: A Systematic Review.", 2021) сияқты Скопустың рефераттық дерекқорына кіретін басылымдардағы ғылыми жарияланымдар зерттелді.

Тарихи талдау: гендерлік зерттеулер саласындағын тарихи деректер мен тенденцияларды зерттеу және талдау. Маскулиндік зерттеулердің бастау алған кезеңінен бастап қазіргі заманға дейінгі тарихы, ғалымдардың тұжырымдамалры берілген, соның ішінде Зигмунд Фрейдтің маскулиндік зерттеулер тарихына қосқан үлесін атап көрсетуге болады.

Мәліметтерді екіншіреттік талдау. Жоғарыда көрсетілгендей мақалада біршама авторлардың ғылыми жұмыстарына шолу жасалып, көрсетілген мақалалар негізінде талданды.

Талқылау

Маскулиндікті зерттеу психология мен әлеуметтанудағы негізгі тақырыптардың бірі болып табылады, ол ер адамдарды, олардың қоғамдағы рөлін және олардың жеке сәйкестіктерін қалай қалыптастыратынын жақсы түсінуге мүмкіндік береді. Бұл ауқымды дискурстың психоаналитик Зигмунд Фрейдтің алғашқы жұмысынан бастап, гендерлік зерттеулер бойынша заманауи зерттеулерге дейінгі ұзақ тарихы бар.

Маскулиндік зерттеулер тарихындағы маңызды кезеңге Зигмунд Фрейдтің жұмысын жатқызуға болды. Австриялық психоаналитик психология мен гендерлік зерттеулер саласына айтарлықтай әсерін тигізді. Оның маскулиндік пен феминдікке деген көзқарасы ХХ ғасырда осы ұғымдарды түсінуге қатты әсер етті және психология ғалымдары мен практиктері арасында көптеген пікірталастар тудырды. Өзінің "Сексуалдылық теориясы туралы үш эссе" (Three Essays on the Theory of Sexuality, 1905) атты жұмысында, Фрейд ер адамдардың сексуалдылығы мен маскулиндіктің мәселелерін талқылайды.

Фрейдтің негізгі тұжырымдамаларының бірі "ішкі әке" идеясы болды. Ол ер адам тұлғасын қалыптастырудағы және сол ер адамның психологиялық дамуындағы әкенің рөлінің маңыздылығын атап өтті. Бұл тұжырымдама маскулиндік туралы қосымша зерттеулер үшін негіз болды. Фрейд ер адамның жыныстық қатынасқа деген көзқарасы балалық шақта ата-анасымен қарым-қатынас арқылы қалыптасады деп сенді. Әке көбінесе баланың алғашқы пұты, үлгісі ретінде қарастырылады [1, 227 б.].

Фрейд ер адамдар өздерінің маскулиндік қасиеттерін нығайту үшін әйелге қатысты барлық нәрселерден бас тартуға тырысады деп сенді. Бұл әкесі мен анасына байланысты

ішкі қорқыныштары мен ішкі қалауларымен күресуді көрсетеді. Фрейдтің маскулиндік зерттеулері өз уақыты үшін революциялық болды және жыныстық қатынаспен гендерлік қатынастарды түсінуде терең із қалдырды. Көптеген сын мен оның теорияларын қайта қарауларға қарамастан, Фрейдтің маскулиндікті зерттеуге қосқан үлесі даусыз болып қала береді. Фрейдтің жұмысынан кейін маскулиндік зерттеулер әрі қарай дамуын жалғастыра түсті.

Маскулиндікті зерттеу біздің көкжиектерімізді кеңейтуді жалғастырып, ер адамдар болмысының әртүрлілігін және олардың тарихтағы эволюциясын жақсырақ түсінуге көмектеседі. Бұл ғылым саласы қазіргі қоғамдағы ерлердің рөлін түсінуге ықпал етіп қана қоймайды, сонымен қатар әрбір адамды оның маскулиндік болмысына қарамастан тануға және қабылдауға болатын толерантты және инклюзивті әлемді қалыптастыруға ықпал етеді.

Маскулиндікті зерттеу – қазіргі гендерлік зерттеулер арасындағы ең жас бағыт. Қазіргі ғылыми білім парадигмасында “гендер” негізгі ұғымдардың бірі болып саналады. “Гендер” терминін өткен ғасырдың 50-ші жылдарының соңында американдық психоаналитик Роберт Столлер ғылыми айналымға енгізді. 1963 жылы ол Стокгольмдегі психоаналитиктер конгресінде социожыныстық (немесе оны гендерлік деп атаған) өзін-өзі тану ұғымы туралы баяндама жасады. Оның тұжырымдамасы “биологиялық” және “мәдени” жыныс деп бөлінді және жынысты зерттеу (ағылш. - sex), Столлердың ойынша, биология мен физиологияның пәндік саласы, ал гендерлік талдау (ағылш. – gender) - психологтар мен әлеуметтанушылардың зерттеу саласы ретінде қарастыруға болады [2, 7 б.].

Роберт Столлердің жыныстық зерттеулерді биологиялық және мәдени компоненттерге бөлу туралы ұсынысы қазіргі гуманитарлық білімде ерекше бағытты қалыптастыруға серпін берді, бұл бағыт-гендерлік зерттеулер болып табылады.

Гендерлік зерттеулерге деген қызығушылық XX ғасырдың 60-жылдарында ағылшын-американдық зерттеулерінің әлеуметтану мен философия саласында пайда болды. Олардың бастапқы кезеңі әйелдер зерттеулерінің пайда болуымен байланысты. Қазіргі гуманитарлық білімдегі “әйелдер тақырыбына” қызығушылықтың айтарлықтай өсуі 60-жылдардың аяғына жатады. XX ғасырдың 60 жылдарындағы феминистердің басты мақсаты еркін, автономды әйел тұлғасын құру болды.

Осылайша, өткен ғасырдың 60-70-ші жылдарындағы зерттеулер “гендерлік” деп аталғанымен, зерттеулер “әйелдер зерттеулері” болды және оларды феминистік позицияларда тұрған әйел ғалымдар жүргізді. Мазмұнында да, жаңа білім алу әдістерінде де айқын жетістіктерге жетуіне қарамастан, дәстүрлі ғылым “әйелдер зерттеулерінің” пайда болуын күмәнмен қабылдады. XX ғасырдың 80-жылдарында пайда болған гендерлік зерттеулер дамуының екінші кезеңі әйелдер зерттеулерін мойындаумен және маскулиндікті зерттеу пайда болуымен байланысты [3, 9 б.].

Маскулиндікті зерттеудің негізін қалаушы Раевинн Коннеллдің “Маскулиндіктер” атты жұмысы (Masculinities, 2005). болып саналады. Коннелл қоғамдағы маскулиндіктің үстемдік ететін түрін білдіреді, барлығы еліктейтін, бірақ барлық ерадамдарға қолжетімді емес “гегемондық маскулиндік” ұғымын енгізді. Бұл тұжырымдама маскулиндіктің

ең көп таралған түріне сәйкес келуі міндетті емес, бірақ маскулиндіктің мінез-құлық стандарттарын белгілей отырып, қоғамда ең құрметті және идеалдандырылған болып табылады.

Озінің "Маскулиндіктер" кітабында (Masculinities, 2005), Коннелл гегемондық маскулиндікті ауқымды әлеуметтік құрылымның бір бөлігі ретінде сипаттай отырып, оның ішінде әйелдіктің әртүрлі формаларымен және бағынышты немесе маргиналды маскулиндік түрлерімен өзара әрекеттесуін қоса көрсетеді. Ең бастысы - гегемондық маскулиндік топ ретінде ер адамдардың артықшылығы мен күшін сақтауға қызмет ететінін түсіну.

Гегемондық маскулиндік тұжырымдамасы гендерлік қатынастар мен ер адам мінез-құлқын зерттеуге айтарлықтай әсер етіп, билік қатынастары мен әлеуметтік нормаларды талдауға негіз берді. Сонымен қатар, ол маскулиндікті түсінудің болжамды қарапайымдылығы мен монолиті үшін, сондай-ақ әртүрлі мәдениеттер мен әлеуметтік-экономикалық контекстердегі ер адамдар сәйкестіктерінің әртүрлілігі мен өзгергіштігіне жеткіліксіз назар аударғаны үшін сынға ұшырады.

Кейінірек 2019 жылы Джеймс Мессершмидт "Гегемондық маскулиндіктің артықшылығы" (The Saliense of "Hegemonic Masculinity", 2019) мақаласын жазды. Бұл мақалада ол "гегемондық маскулиндік тұжырымдамасы бүгінгі күнге дейін маскулиндік сыни зерттеулер үшін өте маңызды болып қала береді. Ол Раевинн Коннелл тұжырымдамасының бастапқы анықтамасын сипаттайды, яғни, гегемондық маскулиндіктің бастапқы моделі тарихи түрде дұрыс түсіндірілмегенін көрсетеді. Автор Коннеллдің тең емес гендерлік қатынастарды заңдастыруға баса назар аударуы тұжырымдама үшін де, маскулиндікті сыни зерттеу саласы үшін де маңызды болып қала береді деген қорытындыға келеді. Өз жұмысында ол осы тұжырымдамаға қатысты ерте түсініспеушіліктерді де сипаттайды және кейбір ғалымдардың "сын ескертулерін" мысалға келтіреді және бұл ескертулердің ұзақ жылдар бойы тұжырымдаманы дұрыс түсінбеуге еріксіз негіз дайындағанын көрсетеді [4, 87 б.].

Раевинн Коннеллдің гегемондық маскулиндік тұжырымдамасы тек ер адамдардың мінез-құлқын ғана емес, сонымен қатар қоғамдағы кең гендерлік құрылғыларды түсіну үшін революциялық болып шықты. Ол әртүрлі гендерлік сәйкестіктер арасындағы билік қатынастарын түсінуге ықпал етті және әлеуметтік иерархиялар мен билік контекстінде гендерлік талдаудың маңыздылығын атап өтті. Сынға қарамастан, оның жазбалары гендерлік зерттеулер мен әлеуметтануға маңызды үлес болып қала береді.

1970-1980 жылдар маскулиндікке жаңа көзқарас әкелді. Феминизмнің екінші толқыны кезінде ғалымдар "зиянды маскулиндікті" зерттей бастады. Олар маскулиндік туралы қатаң және стереотиптік идеялардың жағымсыз салдарын, соның ішінде доминанты, агрессивті және эмоционалды шектеулі болуына қысым жасауды атап өтті. "Зиянды маскулиндік" термині эмоцияны басуға, үстемдікті, агрессияны және бәсекелестікті сақтауға ықпал ететін "ер адам мінез-құлқына" қатысты қатаң мәдени нормаларды білдіреді.

Феминизмнің екінші толқыны кезінде белсенділер мен ғалымдар бұл нормалардың гендерлік теңсіздікті қалай қолдайтынын ғана емес, сондай-ақ ер адамдардың

психологиялық және эмоционалдық әл-ауқатына қалай зиян келтіретінін зерттей бастады. Феминизмнің екінші толқыны кезінде зиянды маскулиндік туралы пікірталас қоғам мен мәдениетке ұзақ мерзімді әсер етті. Бұл гендерлік рөлдердің ерлер үшін көрінетін пайдасына қарамастан барлығына зиянды екенін түсінуге ықпал етті. Бұл идеялар тұлғааралық зорлық-зомбылық, ата-ана тәрбиесі және ер адамдардың психикалық денсаулығын түсінуді дамыту үшін ерекше маңызды болды.

Маңыздылығына қарамастан, феминизмнің екінші толқынының зиянды маскулиндікке деген көзқарастары да сынға алынды. Кейбіреулер әйелдер мәселелеріне назар аудару кейде ер адамдарда кездесетін нақты мәселелерді елемеуге әкелетінін атап өтті. Сондай-ақ әртүрлі мәдени, нәсілдік және таптық факторлардың маскулиндік сезімге қалай әсер ететіні туралы сұрақтар көтерілді.

Феминизмнің екінші толқынындағы зиянды маскулиндікті зерттеу гендерлік рөлдер мен әлеуметтік мәселелер арасындағы байланысты тереңірек түсінуге негіз болды. Бұл диалог гендерлік теңсіздікпен күресуге ықпал етіп қана қоймай, барлық адамдардың өмір сүру сапасын жақсарту үшін гендерлік нормаларды түсінудің маңыздылығын көрсетті. Зиянды маскулиндік бүгінгі күнге дейін өзекті тақырып болып қала береді, өйткені қоғам дамып, гендерлік стереотиптер мен олардың салдарымен күресуде.

Бүгінгі таңда маскулиндік зерттеулер әртүрлі аспектілер мен тәсілдерді қамтиды. Әлеуметтік конструкционизм мен гендерлік зерттеулер теориясының дамуымен маскулиндік мәдени, әлеуметтік және тарихи контекстерді ескере отырып талданады. Ғалымдар маскулиндік туралы идеялардың әртүрлі мәдениеттер мен дәуірлерде қалай қалыптасып, өзгертінін зерттейді.

Заманауи зерттеулер сонымен қатар ер адамдардың денсаулығына, ер адамдар депрессиясына және маскулиндікке байланысты болуы мүмкін басқа аспектілерге назар аударады.

Жалпы маскулиндікті зерттеу гендерлік зерттеулермен байланысты болғанымен ол өзара бөлек бағыт болып табылады. Маскулиндік зерттеулер ғылыми сала ретінде 20 ғасырдың екінші жартысында белсенді түрде дами бастады және әлеуметтану, психология, гендерлік зерттеулер және антропологияны қоса алғанда, әртүрлі салалардағы зерттеушілердің назарын аударуды жалғастыруда. Маскулиндікті зерттеу ер адамның болмысының әртүрлі аспектілерін, ерлер рөлдерін және оның қоғамға әсерін зерттейді.

Тодд Ризер өзінің “Маскулиндіктің концепциялары және маскулиндік зерттеулер” (Concepts of masculinity and masculinity studies, 2015) атты мақаласында жалпы ағылшын тілді академиялық ортада 1980 жылдардан бері жүргізіліп келе жатқан маскулиндік зерттеулер тарихын және оның қазіргі замандағы зерттеулермен байланыстырған. Оның айтуынша Р. Коннелдың жұмыстары, соның ішінде гегемониялық маскулиндік концепциясы кейінгі зерттеулерді дамытуға немесе сынға қалдыруға мықты негіз болды [5, 11-12 б.].

Штефан Хорлахердың (Horlacher, 2015) айтуынша, маскулиндік әрқашан да әдебиетпен бірге жүреді, саналы немесе бейсаналық қиялдың немесе басқа дүниелердің проекциясының бір түрі ретінде әдебиет күнделікті өмірде немесе мәдени

артефактілердің басқа түрлерінде көрінбейтін маскулиндіктің қырларын аша алады. Кино, кескіндеме, мүсін, спектакль және музыка маскулиндікке күмән келтіретіні рас болса да, әдебиет гендерлік өкілдіктің жалғыз жеткізушісі емес екені рас болса да, әдеби форма міндетті түрде маскулиндіктің өзіндік бірегей бейнесін жасайды және сол себептен ХХІ ғасырдағы әдеби талдаулар мен анализдер маскулиндік зерттеулердің маңызды және белсенді саласы болып табылады [6, 1-3 б.].

Көптеген шет елдің ғалымдары ер адамдардың әдеби бейнелері ғылыми зерттеулердің объектісі болып табылады деп санайды. Өткенге көз жүгіртсек, әдебиеттанушылар мәтіндік субъективтілікке көбірек қызығушылық таныта отырып, субъективтіліктің осы түріне қатысты сұрақтармен айналысатыны түсінікті болған сияқты. Алайда, Копелия Ханнның “Ер адамдар табы: Шекспир шығармаларындағы ер адамның ерекшеліктері” (Coppélia Kahn’s Man’s Estate: Masculine Identity in Shakespeare, 1981) сияқты әдеби маскулиндікті бағыштайтын жұмыстарына қарасақ, маскулиндікті әдебиеттегі көркем шығармалар талдауларының объектісі ретінде көрсетеді [7, 21-23 б.]. Әйтсе де, әдебиеттану мен гендерлік зерттеулердің терминдерін түбегейлі өзгерткен Ева Седжвиктің “Ер адамдар арасында” (Between Man, 1985) атты жұмысы болды, артынша “гомосоциалды” термині академиялық ортада негізгі терминге айналды. Соған қарамастан, 1980 жылдардағы маскулиндік зерттеулерді негізінен әдеби емес деп сипаттап, гендерлік зерттеулерге жаңа және кейде қарама қайшылықта келетін болса да әлеуметтік ғылымдар осы зерттеулерде жетекші рөлге ие болды [8, 22-24 б.].

Жалпы, академиялық ортада маскулиндікті зерттеу феминистік зерттеулер немесе гендерлік зерттеулер сияқты дамымады, ол тек уақыт өте келе өзіне назар аударта бастады. Маскулиндік әлеуметтану, психология, тарих сияқты пәндерде кездесетін тақырып бола келе, тек соңғы жылдары өз алдына бөлек ерекше зерттеу саласына айналды, әсіресе Еуропа елдерінде және АҚШ-та, олай айтуымның себебі, елімізде гендерлік саясатқа мемлекеттік деңгейдегі маңыз беріліп, 2000 жылдардан бері жүргізіліп келеді, десе де феминистік және гендерлік теңдік тақырыптарына көп көңіл бөлінген, және әлі күнге дейін маскулиндік зерттеулер танымал бола қоймады.

Тод Ризер “Маскулиндіктің концепциялары және маскулиндік зерттеулер” (Concepts of masculinity and masculinity studies, 2015) мақаласында “маскулиндік зерттеулердің дүниеге келуі” бөлімінде 80-ші жылдары маскулиндік зерттеулер жаңа басталып жатқан кезде маскулиндікті табиғи және қажетті құбылыс, ал әлеуметтік ғылымдар жыныстық рөл теориясына жауап бере отырып, ер адамдардың гендерлік рөлі біртұтас, тұрақты және нормативтік конфигурация ретінде қарастырылды, оған ер адамдар сәйкес келеді немесе сәйкес келмеуі мүмкін болғанын айтады.

Нәтижелер

Маскулиндік деген ұғымды әдетте мәдени тұрғыда әйелдікке жатпайтын белгілі бір қалыптасқан мінез-құлықтарды, тілдерді және әдет-ғұрыптарды қамтитын әлеуметтік құрылым ретінде кеңінен анықтауға болады. Жоғарыда көрсетілгендей, көбінесе маскулиндіктің маңызды сипаттамаларына күш пен батылдықты жатқызамыз

және әлсіздік, биязылық сияқты мінез маскулиндікке тән емес деген сияқты пікірлер қалыптасқан.

Бірақ ғалымдардың зерттеулеріне жүгінсек, мысалы Дариус Галасински өзінің “Ер адамдар және эмоциялар тілі” (Men and the Language of Emotions, 2004) атты кітабында барлық ер адамдар немесе нақты бір ер адам өз эмоцияларын білдіре алмайды немесе ол туралы сөйлесу, айтуға қабілетсіз деген маскулиндіктің доминантты үлгілерін қарастырған. Бірақ, ол ер адам ғана емес, эмоциясын білдірмейтін әйел адамдар болатынын да айта келіп, екеуімен де сұхбаттасқан кезде бәрі өзіне байланысты болғанын айтады, яғни ол өзін эмоциясыз етіп көрсеткен кезде оған тап солай жауап берген ер адамдар да әйел адамдар да болғанын айта отырып, өмір тым күрделі, ал ер адамдар одан да күрделі деп тұжырымдайды [9, 27-28 б.].

Жалпы маскулиндіктің әлеуметтік құрылымы заманға байланысты өзгеріп келеді. Американдық “Ер адамдар денсаулығы” (Men’s Health) атты журналында жарық көрген “ Батыс мәдениетіндегі қазіргі еркектікті қабылдау және түсіндіру: жүйелі шолу” (Perceptions and Interpretation of Contemporary Masculinities in Western Culture: A Systematic Review, 2021) мақаласында американдық ғалымдар жалпы маскулиндіктің өзгеруіне байланысты және оны ер адамдар қалай түсінетіндігі жөнінде зерттеу жүргізген, оның айтуынша дәстүрлі маскулиндік әдетте гегемониялық болып саналады және ер адамдардың әйелдерден және басқа да әлсіз ер адамдардан үстемдігімен расталады.

Ер адамдардың мінез-құлықтарының заманауи өзгерістері дәстүрлі маскулиндік стереотиптеріне қарсы тұратын жаңа маскулиндік құбылыстардың пайда болуына әкелді. Ол өзінің жұмысында қазіргі заманғы маскулиндікті қарастырған эмпирикалық зерттеулерді шолып синтездеген. Әртүрлі заманауи ер адамның қасиеттеріне қатысты жиі қолданылатын терминдерге сілтеме жасау үшін 10 дерекқорда әдебиеттерді тауып, 33 түрлі зерттеулерді талдау арқылы ер адамдардың заманауи маскулиндік мінездемесінде айқын көрінетін төрт негізгі элементті анықтаған: инклюзивтілік, эмоционалдық жақындық, дене бітімі және қарсылық. Бұл элементтер заманауи маскулиндіктің нақты көрсеткіштері емес. Дегенмен, бұл элементтер заманауи ер адамдардың мінез-құлқы мен дәстүрлі маскулиндіктің арасындағы айырмашылықтарды көрсететін негіз ретінде қарастырылған [10, 1-2 б.].

Қорытынды

Маскулиндік зерттеулер ер адамдардың жеке басының күрделі табиғатын және олардың әлеуметтік құрылымдармен, мәдени нормалармен және жеке тәжірибелермен байланысын ашады. Бұл зерттеулер ер адамдар өзін және қоғамдағы орнын қалай қабылдайтынын, сондай-ақ әлеуметтік күтулердің олардың мінез-құлқына, денсаулығына және қарым-қатынасына қалай әсер ететінін жақсырақ түсінуге көмектеседі. Бұл тақырыптың маңыздылығы үнемі өзгеріп отыратын әлеуметтік шындықтар мен гендерлік қатынастар аясында өзекті болып қала береді.

Феминизмнің екінші толқыны дәуірінде басталған маскулиндікті зерттеу гендерлік рөлдерді және олардың жеке және қоғамдық әл-ауқатқа әсерін түсінудегі терең

өзгерістердің негізін қалады. Өткен онжылдықтар маскулиндікті қабылдау мен бағалауда айтарлықтай өзгерістер әкелді. Егер бұрын агрессивтілік, эмоционалды ұстамдылық және үстемдік "маскулиндіктің" негізгі атрибуттары ретінде көрсетілсе, онда қазіргі тенденциялар маскулиндік сәйкестікті икемді, әр түрлі және гомофобиялық емес түсінуге ұмтылады.

Бүгінде маскулиндікке қойылатын талаптар өзгерді. Эмоционалды ашықтықтың, өзара түсіністіктің, ынтымақтастық пен басқаларға қамқорлық жасау қабілетінің маңыздылығы барған сайын артып келеді. Бұл қасиеттер үйлесімді жеке қатынастарды құруға ықпал етіп қана қоймайды, сонымен қатар топтық жұмыс пен эмоционалды интеллект бағаланатын кәсіби салаға оң әсер етеді.

Зиянды маскулиндікті түсінудегі прогресс ер адамдарға да, әйелдерге де өз ойын білдіруге үлкен еркіндік бере отырып, қатаң гендерлік стереотиптердің әлсіреуіне ықпал етті. Бұл өзгеріс феминистік күш-жігердің нәтижесі ғана емес, сонымен бірге экономикалық жағдайдың өзгеруін, технологиялық прогресті және мәдени өзгерістерді қамтитын кең әлеуметтік эволюцияның бөлігі болып табылады.

Осы өзгерістерге қарамастан, маскулиндік туралы пікірталас гендерлік зерттеулердің маңызды элементі болып қала береді. Ер адамдардың жеке басы, оның рөлі және қоғамға әсері туралы диалогты жалғастыру адам тәжірибесі туралы түсінігімізді кеңейтуге көмектеседі және әділетті және инклюзивті әлем құруға ықпал етеді.

Авторлардың қосқан үлесі

Э.С. Надирова – әдебиеттерді іріктеу және талдау, әдісті іске асыру, жарияланым мәтінімен жұмыс істеу, жұмыс тұжырымдамасын әзірлеу, мәтінмен жұмыс істеу, жариялау үшін мақаланың соңғы нұсқасын бекіту.

Әдебиеттер тізімі

1. Freud Sigmund. Three Essays on the Theory of Sexuality. // The Standard Edition of the Complete Psychological Works of Sigmund Freud, Volume VII (1901-1905): A Case of Hysteria, Three Essays on Sexuality and Other Works. – 1905. –123-246 б.

2. Донцов А.С. Типы маскулинностей и их вербальные репрезентации в современной американской лингвокультуре // Магистерлік диссертация. – Инновациялық Еуразия Университеті, Павлодар, 2013. – 109 п.

3. Пушкарёва Н.Л. Что такое «гендер»? // Гендерная теория и историческое знание: Материалы второй международной научно-практической кон-ференции. - Сыктывкар мемлекеттік университеті, Сыктывкар, 2005.- 8-20 б.

4. Messerschmidt J.W. The Saliency of “Hegemonic Masculinity.” // Men and Masculinities. - 2019.- 22(1).- 85-91 б.

5. Reeser T.W. Concepts of masculinity and masculinity studies // In Configuring Masculinity in Theory and Literary Practice.- 2015. -11-38 б.

6. Horlacher Stefan, Configuring masculinity. // In Configuring Masculinity in Theory and Literary Practice.- 2015.-1-10 б.

7. Kahn Coppélia. Man’s Estate: Masculine Identity in Shakespeare. – London: «University of California Press», 1981.- 227 п.

8. Kosofsky Sedgwick Eve. *Between Men // English Literature and Male Homosocial Desire.*- New York: «Columbia University Press», 1985. – 272 п

9. Galasiński Dariusz. *Men and the Language of Emotions.* [ғаламтор желісі ресурсы] URL: DOI:10.1057/9780230510128 (жүгінген күні 17.10.2023).

10. Connor S., Edvardsson K., Fisher, C. & Spelten E. *Perceptions and Interpretation of Contemporary Masculinities in Western Culture: A Systematic Review // American Journal of Men's Health.*- 2021.- 15(6). -1-17 б.

Э.С. Надирова

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Современные тенденции в исследовании маскулинности

Аннотация. Маскулинность как аспект социальной и культурной идентичности стала темой интенсивных исследований в различных областях науки, таких, как социология, психология, антропология и гендерные исследования. В последние десятилетия академическое сообщество обратило внимание на разнообразие форм маскулинности, а также их влияние на жизнь частных лиц и обществ в целом.

Эта статья содержит обзор маскулинности как важнейшей социально-культурной концепции и явления, охватывающего широкий спектр социальных и культурных аспектов мужской личности. Авторы прослеживают историю исследований маскулинности от древних обществ до современности, и демонстрируют важность различных подходов, применяемых в изучении этой проблемы. В статье также обсуждаются социально-культурные аспекты маскулинности, в том числе роли, ожидания, стереотипы и их влияние на гендерный порядок.

Авторы представили обзор основных вопросов, касающихся маскулинности, и акцентировали важность исследований в этой области для создания более инклюзивного и толерантного общества. Общества, в котором признаются разные концепции маскулинности. В целом, маскулинные исследования как область исследований, занимающаяся изучением личности, ролей и особенностей мужчин, в настоящее время развивается в направлении углубления знаний и понимания разнообразия мужской гендерной роли в современном мире.

Ключевые слова: маскулинность, гендер, мужское поведение, гегемонная маскулинность, маскулинные исследования, история маскулинности, маскулинная идентичность.

E. Nadirova

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

Current trends in masculinity research

Abstract. Masculinity as an aspect of social and cultural identity has become a topic of intensive research in various fields of science, such as sociology, psychology, anthropology, and gender studies. In recent decades, the scientific community has paid attention to the diversity forms of masculinity, as well as their impact on the lives of individuals and societies in general.

This article provides an overview of masculinity as a critical socio-cultural concept and phenomenon covering a wide range of social and cultural aspects of the male personality. It studies the history of masculine research from ancient societies to modern trends and shows the importance of the various methods and approaches employed by researchers in the study of the field. The article also discusses the socio-cultural aspects of masculinity, including roles, expectations, stereotypes, and their impact on men and society as a whole.

The authors present an overview of the main questions concerning masculinity and the importance of research in this field for creating a more inclusive and tolerant society in which every man can find his place despite stereotypes and norms about masculinity. Mainly masculine research is a field of research devoted to the study of the personality, roles and characteristics of men and their evolution in history. This sphere originates from ancient societies and develops in order to influence our ideas about the character of men in the modern world.

Keywords: masculinity, gender, male behavior, hegemonic masculinity, masculine studies, history of masculinity, masculine identity

References

1. Freud Sigmund. Three Essays on the Theory of Sexuality. // The Standard Edition of the Complete Psychological Works of Sigmund Freud, Volume VII (1901-1905): A Case of Hysteria, Three Essays on Sexuality and Other Works. (1905, 123-146 pp.) [in English]
2. Doncov A.S. Tipy maskulinnosti I ih verbalnyie reprezentacii v sovremennoi amerikanskoi lingvokulture [master's thesis] (Pavlodar, 2013, 109 pp) [in Russian] [in English]
3. Pushkareva N.L. Chto takoe gender? // Gendernaya teotiya I istoricheskoe znanie: Materialy vtoroi mezhdunarodnoi nauchno-prakticheskoi konferencii, Syktyvkar [What is "gender"? Gender theory and Historical Knowledge: Proceedings of the Second International Scientific and Practical Conference, Syktyvkar] 8-20 (2005) [in Russian]
4. Messerschmidt, J. W. The Saliency of "Hegemonic Masculinity.", *Men and Masculinities*, 22(1), 85-91 (2019)
5. Reeser T.W. Concepts of masculinity and masculinity studies. In *Configuring Masculinity in Theory and Literary Practice*, 11-38 (2015)
6. Stefan Horlacher, *Configuring masculinity, Configuring Masculinity in Theory and Literary Practice*, 1-10 (2015) [in English]
7. Kahn Coppélia. *Man's Estate: Masculine Identity in Shakespeare* (London, University of California Press, 1981) [in English]
8. Eve Kosofsky Sedgwick, *Between Men, English Literature and Male Homosocial Desire* (New York, Columbia University Press, 1985) [in English]
9. Galasiński Dariusz. *Men and the Language of Emotions*. [Electronic resource] Available at: DOI:10.1057/9780230510128 (Accessed: 17.10.2023) [in English]
10. *Interpretation of Contemporary Masculinities in Western Culture: A Systematic Review*, *American Journal of Men's Health*, 15(6), 1-17 (2021) [in English]

Авторлар туралы ақпарат:

Надилова Эльвира Салыховна – «8D03101 Социология» ББ 2 курс докторанты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, А. Янушкевич көшесі, 6, Астана, Қазақстан

Сведения об авторах:

Надилова Эльвира Салыховна – докторант 2 курса ОП «8D03101 Социология», Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, ул. Янушкевича, 6, Астана, Казахстан.

Information about authors:

Nadirova Elvira Salykhovna – Phd Student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, 6 Yanushkevich str., Astana, Kazakhstan